



АЛУАН ТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИЯ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

КІРІСПЕ

Carlsberg Group ең маңызды капиталы — бұл адамдар, себебі оларға тәуелді. Бізде бүкіл әлем бойынша 40 000-нан астам қызметкер бар және олардың барлығы ортақ бір мақсатпен біріктірілді.

Carlsberg Group өз клиенттерінің барлық ерекшеліктерін ескеруді қалайды және сондықтан идеалдарға — әртүрлілік пен инклюзияға жақсырақ сәйкес келуге ұмтылады. Біз әртүрлілік пен инклюзия («Ә&И») жай ғана қандай да бір нормативтік талап емес, бизнестің аса маңызды аспектілері болып табылады деп есептейміз.

Біз **әртүрлілік**— жынысы, жасы, мәдени немесе этникалық тиістілігі, ұлты, физикалық қабілеті, саяси және діни нанымдары, жыныстық бағдары немесе басқа да атрибуттары болсын, кез келген әлеуметтік бірегейлікте көрінетінін мойындаймыз. **Инклюзивтілік** — бұл барлық қызметкерлерді, олардың айырмашылықтары мен әлеуметтік ұқсастығына қарамастан, тарту, қабылдау және бағалы деп тану процесі.

Әртүрлілік және инклюзия саласындағы саясат («Саясат») Carlsberg Group компаниясының Ә&И құндылықтарына адалдығын сипаттауға, оның ішінде біздің ұмтылыстарымыз, біздің көзқарасымыз және компания қызметі шоғырланған салалар туралы айтуға бағытталған. Құжат барлық Carlsberg Group шеңберінде тиімді инклюзияның және әртүрлілікті басқарудың негізі болып табылады және біздің бизнесіміз бен барлық қызметкерлерімізге ең жақсы қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Бұл саясат Carlsberg Group басшылығы мен барлық қызметкерлеріне қолданылады.

Carlsberg Group миноритарлық акционер ретінде қатысатын бірлескен кәсіпорындардың акционерлері Carlsberg Group үшін осы Саясаттың мәні туралы хабардар болуы тиіс, сондай-ақ осы Саясатты немесе тиісті кәсіпорында ұқсас нормаларды пайдалануға түрткі болуы тиіс. Carlsberg Group миноритарлық қатысуды да жоспарлап отырған әлеуетті бірлескен кәсіпорындарға келетін болсақ, мұндай жағдайларда Carlsberg Group басқа акционер(лер)дің де тиісті бірлескен кәсіпорын шеңберінде осы Саясатты немесе ұқсас нормаларды қабылдауына ықпал ететін болады.

БІЗДІҢ ТАЛПЫНЫСЫМЫЗ

Carlsberg Group компаниясының Ә&И идеяларына бейілділігі бұл өзекті және мүмкін болғанда біздің көзқарасымызды анықтайтын және персоналмен жұмыс істеудің негізгі процестеріне Ә&И біріктіруге ықпал ететін төрт тірекке негізделеді.

Бұл төрт тірек:

- 🏆 **Жаһандық ойлау**
- 🏆 **Қызметкерлердің әртүрлі базасы**
- 🏆 **Инклюзивті басшылық**
- 🏆 **Тең мүмкіндіктер**

ЖАҒАНДЫҚ ОЙЛАУ

Біз Carlsberg Group-те адамдар өздерінің бойларында жаһандық ойлауды, мәдени өзара түсіністікті дамытып, халықаралық тәжірибеге ие болғанын қалаймыз. Бұл біздің ұйымның болашақ өсуге дайын, әрі икемді болып қалуы үшін қажет. Біз өз қызметкерлерімізді қызықты мансап пен кең мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге тырысамыз.

Біз инклюзивтік мінез-құлық, қате түсініктер және мәдени өзара түсіністік мәселелерімен айналыса отырып, даму үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге тырысамыз. Сонымен қатар, біз өз қызметкерлеріміздің жеке қалауларын ескерумен ерте мансаптық ұтқырлық үшін кең мүмкіндіктерді ұсынуға тырысамыз. Біз басшылықтың инклюзивтік моделін ұстанамыз, бұл бізге әртүрлі дарынды адамдарды оқытуға және олардың дамуына ықпал етуге көмектеседі.

ӘРТҮРЛІ КАДРЛЫҚ БАЗА

Біз олар өз кезегінде біздің жұмысымызға ықпал ету үшін әртүрлі көзқарастары, тәжірибесі және білімі бар адамдарды тартқымыз келеді. Біздің Ә&И саласындағы қызметіміз болашақта дарынды

қызметкерлердің кең және әртүрлі тобына қолжетімділігіміз үшін қажетті болып табылады.

Біздің инклюзивтік мәдениет пен жұмыс ортасына көзқарастарымызды тарату үшін, біз Ә&И идеяларын Carlsberg Group корпоративтік бренді және онымен байланысты іс-шаралар арқылы ілгерілетуге ниеттіміз.

Сонымен қатар, әртүрлілік пен инклюзия Carlsberg Group құрамына кіретін кез келген ұйымда персоналды іріктеу және жалдау бойынша кез келген қызметтің ажырамас элементтерінің бірі болуы тиіс. Мысалы, бос орындар туралы хабарландыруларда, іріктеу критерийлерінде, үміткерлер тізімдерінде және корпоративтік брендпен байланысты түрлі іс-шараларда біздің Ә&И-ға көзқарасымыздың анық көрсетілуі тиіс.

Сонымен қатар, біз қазіргі заманғы технологияларды біздің хабарламаларымызда алдын ала ойластырылған қарым-қатынасты куәландыратын тұжырымдар болмауы үшін, сондай-ақ үміткерлерді іріктеу және шешім қабылдау процесінен кез келген алдын ала ойластыруларды алып тастау үшін пайдалануға тырысамыз. Біздің HR-мамандарымыз үміткерлерге қатысты объективті емес, алдын ала ойластырылған шешімдерді болдырмауға үйренетін дайындықтан өтеді. Біз сондай-ақ персоналды іріктеу және жалдау кезінде әртүрлілік мәселелерімен айналысатын арнайы комиссиялардың болуы қажет деп есептейміз.

ИНКЛЮЗИВТІ БАСШЫЛЫҚ

Инклюзивтілік инновацияны дамытуға және компанияның өсуін ынталандыруға арналған қуатты құрал болып табылады. Инклюзия шабыт пен шығармашылыққа ықпал етеді. Carlsberg Group-та біз инклюзивті басшылық қағидаларын ұстанамыз. Осы қағидалар шеңберінде біздің басшыларымыз қызметкерлердің әрқашан өз әлеуетін кәсіби, сондай-ақ жеке тұлғалық тұрғыда ашу мүмкіндігіне ие болуын қадағалайды.

Біз көшбасшыларды даярлау бойынша біздің бағдарламамыздың шеңберінде санасыз түсінбеушілік пен инклюзивтік көшбасшылық сияқты негізгі ұғымдардың мәні туралы белсенді түрде айтуға ниеттіміз. Біз басшылық пен қатардағы қызметкерлер арасында инклюзивтік рөлдік модельдерді ілгерілетеміз.

ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

Carlsberg Group әлеуметтік сәйкестікке қарамастан мүмкіндіктерге тең қолжетімділікті беруге ұмтылады. Тек түрлі көзқарастарды мойындай отырып және пікір мен тәжірибенің әртүрлілігін есепке ала отырып, біз бәсекелік артықшылыққа ие болып, бизнесті дамыту үшін мәдени әртүрлілік әсерін тиімді пайдалана аламыз. Ол үшін бүкіл ұйым шеңберінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге назар аудару қажет.

Carlsberg Group барлық қызметкерлердің гендерлік тиесілілікке немесе басқа да белгілерге емес, нарықтық көрсеткіштерге, жұмыс қабілеттеріне және көрсеткіштеріне негізделген әділ жалақы алуына ұмтылады. Біз тең мүмкіндіктер қағидасын ескере отырып, жұмыс кеңістігі саясатын әзірлеуге арналған нұсқаларды қарастыратын боламыз.

БІЗДІҢ МАҚСАТТАРЫМЫЗ

Біздің мақсатымыз — әртүрлілік өркендейтін және біздің стратегиялық міндеттеріміз бен басымдықтарымызға жауап беретін инклюзивті жұмыс ортасын құру.

Ә&И саласындағы біздің ұмтылыстарымызға және жоғарыда аталған төрт тірекке негізделе отырып, біз барлық Carlsberg Group үшін бірқатар ішкі артықшылықтарды анықтадық. Олар бізге шешім қабылдауда көмектеседі, жұртшылықтың хабардар болуын арттырады және күш-жігерді шоғырландыруға мүмкіндік береді. Олар жыл сайын заманауи шындыққа сәйкес келу және өз тиімділігін жоғалтпау үшін

қайта қаралатын болады. Уақыт өте келе, бұл шаралар біздің мәдениетіміздің эволюциясы қалай жүріп жатқанын және оның біздің стандарттарымыздың ұдайы өсуі үшін әртүрлі және инклюзивтік болуын ескере отырып, өзгеретін болады.

БІЗДІҢ ТӘСІЛІМІЗ

Carlsberg Group біздің компаниямыздың барлық деңгейлерінде әртүрлі үміткерлерді тарту үшін көшбасшылыққа негізделген бағдарламалық тәсілді қолданады; қызмет бойынша ілгерілеу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және стратегиялық міндеттер мен басымдықтардың игілігі үшін — әртүрлілігі өсіп келе жатқан инклюзивті жұмыс ортасын құру үшін әлеуетті кедергілерді анықтайды және жояды.

Сондықтан біздің басымдықтарымыз көрініс табады және біздің негізгі қызметкерлерімізге қатысты процестерге біріктіріледі:

- ❖ Таңдау, іріктеу және жалдау
- ❖ Даму
- ❖ Функцияларды беру
- ❖ Мәдениет
- ❖ Сыйақы

Жыл сайын бүкіл Carlsberg Group деңгейінде, сондай-ақ Ә&И саласындағы біздің мақсаттарымызды іске асыруды қолдау мақсатында бірқатар бастамалар әзірленіп, іске асырылуда.

Біз жыл сайын Ә&И саласындағы ішкі зерттеу көмегімен осы бастамалардың нәтижелері мен прогресін қадағалаймыз, сондай-ақ өз қызметімізді сусындар өндіру саласында жұмыс істейтін басқа компаниялардың қызметімен салыстырамыз.

Біздің әртүрлілік және инклюзия жөніндегі Кеңесіміз Carlsberg Group-тың Ә&И саласындағы жоспары мен бастамаларын іске асыру және

ілгерілету үшін жауап береді, осылайша, компанияға оның негізгі мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі. Өртүрлілік және инклюзия жөніндегі Кеңес Carlsberg Group жоғары буыны басшыларының тобынан тұрады, олар компанияның ішінде де, одан тыс жерлерде де Ә&И мәселелері бойынша елшілер ретінде әрекет етеді. Кеңес компанияның дұрыс бағытта әрі қарай ілгерілеуіне және өз ұстанымдарын нығайтуға кепілдік беру үшін Ә&И саласындағы біздің мақсаттарымызды іске асырудағы прогресті талқылаумен айналысады. Бұдан басқа, кеңес жалпы прогресті ғана емес, сонымен қатар жеке бастамаларды да және олармен байланысты міндеттерді жыл сайынғы талдауға, бәлкім тексеруге де жауап береді.

ҚАДАҒАЛАУШЫ КЕҢЕС

Carlsberg A/S Қадағалаушы кеңестің құрамына келетін болсақ, біздің мақсатымыз — жұмыс тәжірибесі, мәдениеті, халықаралық тәжірибесі мен гендерлік бірегейлігі көзқарасы тұрғысынан кеңес мүшелері арасында түрлі пікірлерді білдіруді қамтамасыз ету.

Carlsberg A/S және Carlsberg Group құрамына кіретін басқа да Дат компаниялары заң ережелеріне сәйкес директорлар кеңестерінде жеткіліксіз ұсынылған гендерлерге байланысты міндеттерді анықтауға қатысты Дат заңнамасын басшылыққа алады. Осылайша, біз өз алдымызға халықаралық тәжірибе мен гендерлік мәселенамаға қатысты нақты мақсаттар қойдық.

Бұл мақсаттар Carlsberg A/S-тің директорлар кеңестерінде халықаралық жұмыс тәжірибесінің тиісті деңгейі бар теңгерілген және өртүрлі гендерлік құрамға ұмтылысын көрсетеді.

Carlsberg Group Қадағалаушы кеңесі, оның мүшелері тиісті құзыреттер негізінде, сондай-ақ өртүрліліктің пайдасын ескере отырып, яғни жұмыс тәжірибесі, мәдениеті, халықаралық тәжірибесі, жасы мен гендері көзқарасы тұрғысынан таңдалуы тиіс деп есептейді.

Осылайша, өртүрлілік кеңестің басты артықшылықтарының бірі болып табылады және осы себепті келесі нақты міндеттер анықталды:

- Жалпы жиналыста сайланатын Қадағалаушы кеңестің 50% немесе одан да көп мүшелерінің ірі корпорацияларды немесе мекемелерді басқаруда айтарлықтай халықаралық тәжірибесі болуы тиіс.
- Жалпы жиналыста сайланатын Қадағалаушы кеңес мүшелерінің кемінде 40 %-ы қазіргі уақытта жеткіліксіз ұсынылған гендер өкілдері болуы тиіс (қазір бұл әйелдер). Бұл міндеттердің 2021 жылға қарай шешімін табуы тиіс. Гендерлік міндеттер Carlsberg Group құрамына кіретін барлық дат компанияларының директорлар кеңестеріне қатысты.

КЕЙІНГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕР МЕН ЕСЕПТІЛІК

Carlsberg Group өртүрлілік және инклюзия саласындағы өз мақсаттарын жүзеге асырудағы прогресті үнемі қадағалайды және мәлімделген жоспарларға және өзіне алған міндеттемелерге алға жылжу барысы туралы баяндайтын болады.



**2019 жылғы
желтоқсан**

Carlsberg Breweries A/S
100 Ny Carlsberg Vej
1799 Copenhagen V
Denmark